



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚСТАНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Омарова Назым Алтынбековна

nazikoko@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К. Данысбекова

Бүгінгі таңда қазақстандық қоғам өміріндегі ағылшын тілінің маңыздылығы өте зор. Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тіл болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар ағылшын тілін оқытуды, үнемі жетілдіруді, оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттерін жүзеге асыруды қарқынды түрде талап етуде. Ағылшын тілі - бүкіл әлемде халықаралық тіл болып табылады және де оның бірнеше дәлелі бар. Біріншіден ағылшын тілі халықаралық әуе қозғалысын басқару тілі болып табылады және өзінің рөлін қазіргі уақытта халықаралық теңіз, полиция және төтеншежағдайлар қызметінде белсене дамытуда. Екіншіден ағылшын тілі - халықаралық бизнес және академиялық конференциялардың бас тілі, сондай-ақ халықаралық туризмнің жетекші тілі болып табылады және сонымен қатар ол танымал музыка, жарнама, компьютер, жаңа технологиялардың, жалпы айтқанда жаңа жаһандану заманының негізгі тілі болып табылады.

Ағылшын тілі әлемдегі ең ежелгі тіл болып есептеледі. Ағылшын тілі — халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі ең көп пайдаланатын тіл. Көптеген мемлекеттерде кеңінен қолданылатын ресми тілі болып саналады. Ағылшын тілі — әлемнің алдыңғы қатарлы алты тілінің бірі. БҰҰ-ның шешімі бойынша қабылданған ресми алты тілдің негізгісі. Ағылшын тілі жеке пән түрінде мектеп бағдарламаларына енгізілген және қазіргі таңда 1-сыныптан бастап оқытылады. Бұл жас балалардың тілін ағылшын тіліне жаттықтырып, сауатты жас ұрпақтың қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Ағылшын тілі британдық және американдық болып екі түрге бөлінеді. Ағылшын тілінде сөз бен сөзді байланыстыратын сөздің алдында тұратын көмекші сөздер, артикльдер, көмекші етістіктер бар. Ағылшын тілінің жазу ережелері мен сөздердің айтылуында көптеген айырмашылықтар бар. Ағылшын тілінің төл күні БҰҰ-ның тікелей бастамасымен басқа тілдерге арналған ресми күндер секілді 2010 жылдың 23 сәуірі деп белгіленіп, содан бері мерекеленіп келеді. Тілдер мерекесінің басты мақсаты – әлемдегі көптілділік дәстүрін нығайту. Бүгінде ағылшын тілі "әлемдік тіл" мәртебесіне ие. Бұл тілде миллиардтаған адам сөйлейді. Айтулы күні әлемде дөңгелек үстелдер, конференциялар, сайыстар, ғылыми көрмелер, ағылшын мәдениетімен танысуға болатын сабақтар өткізіліп келеді. Біздің қоғамда ағылшын тілінің мерейі үстем болғанымен, әлемде танымалдылығы бойынша үшінші орынды алып отыр. Ал бірінші орында – қытай тілі, екінші орынды – испан тілі иеленеді. Ағылшын тілі сөздік қоры ең көп бай тіл болып саналады. Дүниежүзінде 508 млн адам ағылшын тілінде сөйлейді. Одан бөлек жылына 400 млн адам ағылшын тілін үйренеді.

Ел тәуелсіздігінің маңызды нашаны – мемлекеттік тіл. Ол – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен салт-санасының, рухани болмысының тірегі. Тіл арқылы халық өзге халықтардан ерекшеленеді. Тіл – ұлттың өзгеден ерекше даралығын анықтайтын белгісі. «Қай ұлт болсын тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады».

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. 135-тен астам халық бірлік пен татулықта өмір сүріп жатыр. Әрбір ұлт өкілдері өз тілдерін, салт-дәстүрін сақтап қалуы үшін барлық жағдай жасалуда. Оны елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та атап өткен болатын: «Біз көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз».[1]

Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Ағылшын тілі қазіргі таңда халықаралық қарым-қатынас тілі және дүние жүзіне кең таралған тіл болып танылады. Қазіргі кезде ағылшын тілі АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия сияқты көптеген дамыған мемлекеттердің ресми тілі, БҰҰ-ның алты ресми тілінің біреуі. Дамыған отыз елдің ішіне кіру үшін бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған маман дайындауға көп мән берілуде. «Ағылшын тілі бізге әлемдік аренаға шығу үшін қажет. Бүгінгі таңда әлемдегі шығарылатын оқулықтардың 85 %-ы ағылшын тілінде. Қазақстанда 3,5 мың шетелдік компаниялар жұмыс істеуде. Біз олармен қандай тілде сөйлесеміз? Үштілділік біз үшін қалыпты жағдай болуы тиіс», — деді Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Расында да, ағылшын тілін білу жастарға әлемнің ең үздік ЖОО-да білім алуға, алдыңғы қатарлы мемлекеттерде тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әлемнің әр түкпірінде кәсіпкерлікпен айналысудың, іскерлік қарым-қатынас жасаудың маңызды талабы болып табылады. Бірнеше тілді меңгерген азаматтардың өз елінде де, шетелде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналары сөзсіз. Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамда ағылшын тілін білу жас ұрпақтың жаңа ақпарат алуында үлкен мүмкіндіктер береді деген пікірмен де келісуге болады. Тәжірибе көрсеткендей, тіл – мәдениеттің кілті, ұлттық бірліктің жалпы механизмі, ұлттың әлеуметтік құрылым болуының басты құралы. «Тілі бірдің – тілегі бір», «тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз екенін түсінуіміз қажет. Сондықтан да, «жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылысын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу басты міндетіміз болып табылады» — деп жалғастырады осы отандық ғалым. Жоғарыда айтылғандың барлығын ескере отырып, тіл тағдыры – ел тағдыры деп айтсақ қателеспейміз. Өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Өркениеттік өрелік алға шығып, жаһандандудың лебі есіп тұрғанда көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайтыны анық. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ол дегеніміз – өз ана тілін терең меңгерген, сол тілде еркін сөйлей алатын, сонымен қатар бірнеше халықтың тілін білетін ұрпақты тәрбиелеу. Білім мен ғылымның, инновацияның, жалпы Қазақстанның дамыған жағдайында Елбасы біздің алдымызға үш тілді меңгеру қажеттігін қойды. Қазақстан азаматтарының, яғни, біздің парызымыз – «өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» дегендей, мемлекеттік тілді меңгеріп қана қоймай, шет тілдерді де білу деп ойлаймын. Сонымен, біз көрсеткендей тілдердің үштұғырлылығы – уақыт талабы. Үш тілді білу жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады. «Үш тұғырлы тіл» идеясы – жарқын болашақтың кепілі. Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасында көрсетілгендей «қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі». Біз осы істің тек жанашыры ғана емес, орындаушылары болуымыз керек.

Мәдениетті, жан-жақты, ұлтжанды, рухани дүниесі бай жастар тәрбиелеп шығару - мемлекеттің басты мақсаты. Жаһанданған заман елімізді барлық елдермен бәсекелесе дамуға итермелейді. Тілдің қажеті артқан сайын, сұраныс артқан сайын осы қажетті қамтамасыз ету үшін арнайы шаралар да жиі ұйымдастырылып тұрады. Бәсекелестікте тек мықтылар ғана жеңіп шығады, ал бәсекеге шыдай алмайтындар жеңіліске ұшырайды. Қазіргі заман ашықтық пен жан-жақтылықты талап етеді. 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған еліміздің даму стратегиясында қазақ тілін өркендету мен шет тілдерді оқыту мәселесіне айрықша мән берілген. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тілінді жетік меңгеру, қастерлей білу қажет. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты болып, тіл үйрену керек. Бұл жеке бір адамның болашағының ғана емес, тұтастай ұлт болашағының жарқын болуының кепілі.

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді.[1] Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тілді білуге тиісті емеспіз, міндеттіміз. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді.

Ағылшын тілі қай жерде жүрсекте ауадай қажет болатын тіл. Халықаралық тіл болғандықтан әлемді танытатын да, әлемге танытатын да, екі елді жақындастырып қарым-қатынас орнататын да осы-ағылшын тілі. Қазақстан әлемге енді танылып келе жатқан дамушы ел болғандықтан дамыған шет елдермен қарым-қатынаста болу қай жағынан алып қарасақта өте тиімді. Әлемдік ақпараттық кеңістікте бәсекеге қабілетті болу үшін ағылшын тілін қолданысқа енгізу қажет екендігі ешқандай дау тудырмайды. Осы арқылы біз ғылымның жаңа жаңалықтарымен танысып, жаңа технологияларды игереміз, экспорт және импортты дамытып, әлем нарқына шығамыз, еліміздің туризм саласын дамытып, елге көптеген пайда әкелеміз. Экономикалық жағынан да, шаруашылық тұрғысынан да басқа елдерге қарағанда ілгері дамытып, дамыған 20 елдің қатарына ене аламыз. Ағылшын тілін меңгеру - әлемдік қажеттілік.[2] Бұл тек қана Қазақстан еліне емес бүкіл әлемге қойылып отырған басты талап, бәсекелестік болып табылады. Басқа елдермен қарым-қатынас жасауда басты қару екендігі сөзсіз. Себебі әлемдік қарым-қатынас тілін меңгермеген ел кемде-кем. Біздің еліміз жас мемлекет, тіліміз де жаңа дамып келе жатыр. Ағылшын тілі енді ғана дендеп келе жатса да, бүкіл елге тез жайылып, тереңдей түсті. Қорытындылай келе, мақаламды Қазақстан Республикасының бұрынғы Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамбет Ертісбаевтың сөзімен аяқтағым келеді: «Кезінде Абай атамыз қазақ халқын орыс тілін оқуға шақырған болатын, әрине ол орыс тілі мен орыс мәдениеті арқылы ұлтымыздың әлемдік өркениеттің жемісіне ие болатынын түсінгендіктен айтқан еді. Дәл солай болды да. ХХІ ғасырда біздің алдымызда жаңа міндеттер туындады: өз түп-тамырымызды, ана тіліміз бен мәдениетімізді сақтай отырып, біздің технологиялық және гуманитарлық серпінді әлемдік процестерді де игеруіміз қажеттілігі туды. Бұған ағылшын тілі арқылы жете аламыз»[3].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

6. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа Әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007 жылғы 28 сәуір.
7. Ж. Қалиев, В.С. Мальцев, З.Н. Очаковская. English – Ағылшын тілі. «Мектеп» баспасы, 1981 жыл.
8. Г. Ботағарина, «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 70-бет, №3, 2006 ж.

УДК 13.11.25

ЦЕРКОВНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ МУЗЕЙ ПРИ УСПЕНСКОМ КАФЕДРАЛЬНОМ СОБОРЕ ГОРОДА АСТАНА КАК МЕСТО ПАМЯТИ ПРАВОСЛАВНОЙ КУЛЬТУРЫ

Полтавец Ксения Андреевна

ksenni_2011@mail.ru

Студентка 4-го курса специальности «Культурология», факультета социальных наук,
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Толгамбаева Д.Т.

Город Астана, имеющий уникальную историю, можно рассматривать «местом памяти», включающим места памяти различных социальных, религиозных групп. Одной из них, безусловно, являются православные.